БЕКІТІЛДІ
Алматы қаласы ҚДСБ
ШЖҚ «№ 36 қалалық емхана» КМК
Байқау кеңесінің шешімімен
2026 жылғы «18» 09 № 1 хаттама

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Алматы қ., 2026 жыл

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер 3
2. Терминдер мен анықтамалар 4
3. Қызметті құру, оның тәуелсіздігі және есептілігі 5
4. Қызметтің мақсаттары, міндеттері және қағидаттары 7
5. Қызметтің функциялары 8
6. Шектеулер мен талаптардың сақталуын мониторингтеу 10
7. Қызметтің өкілеттіктері 11
8. Қызметті жүзеге асыру кезіндегі міндеттер мен шектеулер 12
9. Қызметтің жұмыс тәртібі 13
10. Есептілік және жауаптылық 15

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№ 36 қалалық емхана» КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабының 3-тармағына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңының 150-3-бабына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 10 тамыздағы № 143 бұйрығының (бұдан әрі – № 143 бұйрық) 2026 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізілген редакциясындағы Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге (бұдан әрі – Үлгілік ереже), Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2022 – 2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасына және № 36 ҚЕ Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2. Ереже Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 36 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – № 36 ҚЕ) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін, ұйымдастырылуын және жұмыс тәртібін айқындайды.

1.3. Ереже № 36 ҚЕ-нің ұйымдық-құқықтық нысаны, штат саны және қызметінің ерекшелігі ескеріле отырып әзірленді және Үлгілік ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

1.4. № 36 ҚЕ квазимемлекеттік сектор субъектісі болып табылады. № 36 ҚЕ қызметкерлерінің орташа жылдық саны жүз адамнан асады, осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет дербес құрылымдық бөлімше нысанында құрылады (Үлгілік ереженің 8-тармағының 3) тармақшасы).

1.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (бұдан әрі – Қызмет) – № 36 ҚЕ-нің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын № 36 ҚЕ құрылымдық бөлімшесі.

1.6. Қызмет Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңды, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Үлгілік ережені, № 36 ҚЕ Жарғысын, осы Ережені және № 36 ҚЕ-нің өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

1.7. Осы Ереже № 36 ҚЕ-нің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

1.8. Қызмет басшысы туралы мәліметтер, оның ішінде тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), фотосуреті және байланыс деректері № 36 ҚЕ ғимараттарында жалпыға көрінетін қолжетімді жерлерде және № 36 ҚЕ интернет-ресурсында орналастырылады.

1.9. Қызметке әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті орган және оның Алматы қаласы бойынша аумақтық бөлімшесі көрсетеді.

1.10. Егер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын, Үлгілік ережеде көзделмеген талаптар мен тәсілдер белгіленсе, мұндай талаптар мен тәсілдерді № 36 ҚЕ Байқау кеңесі бекітеді және олар Үлгілік ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуге тиіс.

2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

2.1. Осы Ережеде пайдаланылатын терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мағыналарда қолданылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – № 36 ҚЕ-нің және оның барлық қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соларға байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы өзі не үшінші тұлғалар үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе иемдену мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты бұл адамдарды сатып алу (Заңның 1-бабының 6) тармақшасы);

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – сыбайлас жемқорлық белгілері бар, ол үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген құқыққа қайшы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) (Заңның 1-бабының 11) тармақшасы);

4) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі (Заңның 1-бабының 12) тармақшасы);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

6) мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы, аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін

орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін қайшылық (Заңның 1-бабының 5) тармақшасы);

7) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің превентивтік шаралар жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, оларды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері;

9) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар – оның ішінде мемлекеттік ұйым ретінде № 36 ҚЕ-де басқарушылық функцияларды атқаратын адамдар (Заңның 1-бабының 4) тармақшасы);

10) қызметкер – № 36 ҚЕ-мен еңбек қатынастарында тұрған және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 1-бабы 1-тармағының 43) тармақшасы).

2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген кезде аталған терминдер осы Ережеге өзгерістер енгізілмей жаңа редакцияда қолданылады.

3. ҚЫЗМЕТТІ ҚҰРУ, ОНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІГІ

3.1. Қызмет № 36 ҚЕ-де дербес құрылымдық бөлімше ретінде құрылады.

3.2. Қызмет өз функцияларын № 36 ҚЕ-нің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан және қызметкерлерінен тәуелсіз жүзеге асырады, № 36 ҚЕ Байқау кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

3.3. Қызметтің тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оған сатып алуға, қаржыға, бухгалтерлік есепке, кадр және шарттық жұмысқа, мүлікті басқаруға, ішкі аудитке, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қызмет тарапынан мониторингке жататын процестерді құқықтық сүйемелдеуге байланысты функциялар жүктелмейді.

3.4. Қызметтің басшысы мен қызметкерлері № 36 ҚЕ-нің атқарушы органы мен Байқау кеңесінің құрамына кіре алмайды. Қызметтің құзыретіне жататын мәселелерді қарау кезінде Қызметтің басшысы мен қызметкерлері аталған органдардың отырыстарына дауыс беру құқығынсыз қатысады.

3.5. Қызметке осы Ережеде көзделмеген функцияларды жүктеуге мұндай функциялар Қызметтің тәуелсіздігіне әсер етпеген және мүдделер қақтығысын туғызбаған жағдайда тек комплаенс, іскерлік әдеп және орнықты даму мәселелері бөлігінде ғана (Үлгілік ереженің 18-тармағының 20) тармақшасы) және осы Ереженің 3.3-тармағында белгіленген шектеулер сақтала отырып жол беріледі.

3.6. № 36 ҚЕ Байқау кеңесі Қызметтің штат санын айқындайды, оның басшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін, лауазымдық айлықақысының мөлшерін және сыйақы беру шарттарын айқындайды, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатады, Қызметтің жылдық жұмыс жоспарын және оның орындалуы туралы есепті бекітеді және Қызмет басшысының қызметін бағалайды. Қызмет басшысының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 23) тармақшасына сәйкес онымен еңбек шартын бұзуға негіз болып табылады.

3.7. Қызметтің басшысын қоспағанда, Қызмет қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды № 36 ҚЕ Директоры № 36 ҚЕ Байқау кеңесі айқындаған Қызметтің штат саны шегінде Қызмет басшысының ұсынуы бойынша жүзеге асырады.

3.8. Қызметтің басшысымен және қызметкерлерімен еңбек шарттарын № 36 ҚЕ Директоры жұмыс берушінің атынан № 36 ҚЕ Байқау кеңесінің шешімі негізінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасасады. Қызметтің басшысы жаңа мерзімге тағайындалған кезде еңбек шартына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 140-бабының 3-тармағы).

3.9. Қызмет қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау, кепілдіктер мен өтемақы төлемдері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, № 36 ҚЕ Ұжымдық шартына және № 36 ҚЕ-нің өзге де ішкі құжаттарына сәйкес беріледі.

3.10. Қызмет басшысы мен қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауаптылығы осы Ереже негізінде әзірленетін және № 36 ҚЕ Директоры бекітетін лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады. Қызмет басшысының лауазымдық нұсқаулығы № 36 ҚЕ Байқау кеңесінің өз құзыреті шегінде қабылдаған шешіміне сәйкес әзірленеді.

3.11. Қызметтің басшысы Қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді, Байқау кеңесіне Қызметтің құрылымы мен штат саны туралы ұсыныстар енгізеді және Қызмет атынан № 36 ҚЕ-нің құрылымдық бөлімшелеріне және өзге де ұйымдарға жіберілетін құжаттар мен сұрау салуларға қол қояды.

3.12. Қызметтің басшысы мен қызметкерлері уәкілетті органдар және комплаенс саласындағы кәсіби ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отыруы қажет.

3.13. Қызмет басшысының лауазымына мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) жоғары заң және (немесе) экономикалық білімінің болуы;

2) комплаенс, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, ішкі бақылау, ішкі аудит немесе ұйымның қызметін заңдық қамтамасыз ету саласында кемінде үш жыл жұмыс өтілінің болуы.

3.14. Үміткерде ISO 37001 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйелері» халықаралық стандарты бойынша сертификаттың не комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында оқудан өткенін растайтын өзге де құжаттардың болуы өзге тең жағдайларда

артықшылық ретінде қаралады және лауазымға қойылатын міндетті талап болып табылмайды. Аталған құжаттардың болмауы еңбек шартын жасасудан бас тартуға негіз бола алмайды.

3.15. Қызметтің басшысы лауазымдағы жұмысының бірінші жылы ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті орган не комплаенс саласындағы кәсіби ұйымдар ұйымдастыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқудан өтеді. Мұндай оқудан өту жұмысқа қабылдаудың шарты болып табылмайды.

3.16. Қызмет қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары атқарылатын функциялардың сипаты ескеріле отырып, лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады. Қызметкердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігіне байланысты емес талаптарды белгілеуге жол берілмейді (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 6-бабы).

3.17. Қызметке жұмысқа қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер, оның ішінде бұрын мемлекеттік қызметте лауазымдарды атқарған адамдарға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстар немесе сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған адамдарға қатысты шектеулер сақталады.

3.18. Қызмет басшысы мен қызметкерлерімен еңбек шартын жасасу және тоқтату, еңбегіне ақы төлеудің тәртібі мен шарттары, оларды материалдық және тәртіптік жауаптылыққа тарту және жұмыстан шеттету Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, № 36 ҚЕ Байқау кеңесінің шешімдеріне, осы Ережеге және еңбек шартына сәйкес жүзеге асырылады (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 140-бабының 1-тармағы). Қызмет басшысы мен қызметкерлеріне тәртіптік жазаны № 36 ҚЕ Директоры тәртіптік теріс қылық анықталғаннан кейін тікелей, әдетте бір ай ішінде, бірақ ол анықталған күннен бастап екі айдан кешіктірмей, Ішкі аудит қызметінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне және Байқау кеңесінің хатшысына тәртіптік жазалар қолдану тәртібінде (Байқау кеңесінің шешімімен бекітілетін № 36 ҚЕ Кадрларды басқарудың корпоративтік саясатына 22-қосымша) белгіленген тәртіппен қолданады (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 140-бабының 5-тармағы).

4. ҚЫЗМЕТТІҢ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚАҒИДАТТАРЫ

4.1. Қызмет қызметінің негізгі мақсаты № 36 ҚЕ қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуын мониторингтеу болып табылады.

4.2. Қызметтің негізгі міндеттері:

1) № 36 ҚЕ-нің және оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) № 36 ҚЕ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) № 36 ҚЕ-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптардың және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

4.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің қағидаттары:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мүдделілігі;

3) Қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;

4) Қызметтің тәуелсіздігі;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін тұрақты арттыру болып табылады.

5. ҚЫЗМЕТТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

5.1. Қызмет мынадай функцияларды орындайды:

1) № 36 ҚЕ-дегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өңдеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес № 36 ҚЕ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті орган мен № 36 ҚЕ бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін № 36 ҚЕ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдауға қатысады;

4) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және оларды азайту және жою жөнінде қабылданатын шараларды мониторингтеуді жүзеге асырады;

5) № 36 ҚЕ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын өткізеді;

6) № 36 ҚЕ қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

7) № 36 ҚЕ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

8) № 36 ҚЕ ұжымында жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және оның № 36 ҚЕ құрылымдық бөлімшелерінің орындауын мониторингтеуді жүргізеді;

10) құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен мүдделер қақтығысын анықтау, болғызбау және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

11) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

12) № 36 ҚЕ-дегі сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және (немесе) оларға қатысады;

13) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасындағы өзгерістерді және сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасын мониторингтеуді және талдауды жүргізеді;

14) № 36 ҚЕ құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігін бағалауды жүргізеді;

15) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және ішкі процестердің тиімділігін арттыру жөнінде қарауға міндетті ұсынымдарды № 36 ҚЕ Директорына және тиісті мәселе құзыретіне жататын құрылымдық бөлімшелерге енгізеді;

16) № 36 ҚЕ қызметінің ерекшелігіне қарай, егер мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпесе және мүдделер қақтығысын туғызбаса, комплаенс, іскерлік әдеп және орнықты даму мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

17) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен, мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

5.2. Қызмет № 36 ҚЕ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі құжаттарын, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі саясатын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжатты әзірлеуді қамтамасыз етеді және корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжаттарды әзірлеуге қатысады.

5.3. Үлгілік ереженің 18-тармағының 11) – 14) тармақшаларында көзделген функцияларды мүдделер қақтығысы туралы сұрау салулар мен хабарламаларды қарау, қорытындылар шығару, оны реттеу жөніндегі шаралардың орындалуын мониторингтеу және тиісті құқықтық актілерді түсіндіру бөлігінде Қызмет 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап осы Ереженің 9-бөлімінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырады. Аталған мерзім «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 12 маусымдағы № 311-VIII Заңының (бұдан әрі – № 311-VIII Заң) 1-бабы 25-тармағының 9) және 10) тармақшаларының 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілуіне байланысты, оларда Заңның 15-бабы жаңа редакцияда жазылған, ал Заң мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу және жеке мүдделерді

декларациялау тәртібі туралы 15-1 – 15-5-баптармен толықтырылған. Осындай кейінге қалдыру № 143 бұйрықтың 4-тармағында белгіленген, оған сәйкес Үлгілік ереженің 18-тармағының 11) – 14) тармақшалары, 19-тармағының 5) – 7) тармақшалары және 20-тармағының 7) тармақшасы 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

6. ШЕКТЕУЛЕР МЕН ТАЛАПТАРДЫҢ САҚТАЛУЫН МОНИТОРИНГТЕУ

6.1. Қызмет мынадай шектеулер мен талаптардың сақталуын мониторингтеуді жүзеге асырады:

1) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауы;

2) аталған адамдардың Заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын сақтауы;

3) Қазақстан Республикасының мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі заңнамасы талаптарының сақталуы;

4) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың жақын туыстарымен, жұбайларымен және (немесе) жекжаттарымен бірлесіп жұмыс істеуіне тыйым салудың сақталуы (Заңның 14-бабы);

5) қызметтік өкілеттіктерге кіретін әрекеттер үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар, көрсетілетін қызметтер алуға және (немесе) беруге тыйым салудың сақталуы;

6) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе иемдену мақсатында ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалануға тыйым салудың сақталуы;

7) аталған адамдардың құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге, оның ішінде интернет-ресурстар желілерін пайдалану арқылы өткізілетін құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуға тыйым салуды сақтауы;

8) жұмысқа қабылдау, еңбек шартын жасасу және бұрын мемлекеттік қызметте лауазымдарды атқарған адамдарды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстар немесе сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды жұмысқа орналастыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйымдардың сақталуы.

6.2. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап Қызмет мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың мыналарды сақтауын қосымша мониторингтеуді жүзеге асырады:

1) жеке мүдделер болған кезде шешімдерді қарауға, талқылауға, дайындауға немесе қабылдауға қатысуға не шешімдерге өзге тәсілмен ықпал етуге, сондай-ақ мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыруға тыйым салуды, Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда;

2) № 36 ҚЕ-де не оның бақылауындағы ұйымдарда үшінші тұлғалардың істері бойынша өкілдік етуге тыйым салуды;

3) атқаратын немесе бұрын атқарған лауазымының артықшылықтарын жеке мүдделерде пайдалануға тыйым салуды;

4) Заңның 14-бабында көрсетілген жағдайларда мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың жақын туыстарымен, жұбайларымен, жекжаттарымен және (немесе) олармен байланысты басқа да адамдармен бірлесіп жұмыс істеуіне тыйым салуды.

Осы тармақта көрсетілген мерзім тиісті нормаларды қолданысқа енгізу тәртібін айқындайтын № 311-VIII Заңның 2-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына және № 143 бұйрықтың 4-тармағына сәйкес белгіленген.

6.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде Қызмет № 36 ҚЕ-нің халыққа білікті медициналық көмек көрсететін медициналық ұйым ретіндегі қызметінің ерекшелігін ескереді және мынадай бағыттарға ерекше назар аударады:

1) медициналық жабдықтарды, дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға;

2) өнім берушілермен, мердігерлермен және өзге де контрагенттермен өзара іс-қимылға;

3) шарттарды жасасуға және орындауға;

4) № 36 ҚЕ-нің мүлкін, жабдықтарын және материалдық ресурстарын пайдалануға;

5) кадр процестеріне және кадрлық шешімдер қабылдауға;

6) мүдделер қақтығысын болғызбауға және реттеуге;

7) медициналық ұйымдармен және денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдарымен өзара іс-қимылға;

8) пациенттерге және өзге де адамдарға тең, объективті және бейтарап қарау қағидаттарын сақтауға;

9) қызметтік, медициналық, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де ақпаратты пайдалануға;

10) № 36 ҚЕ-нің мүлкі мен ресурстарын заңсыз пайдаланудың алдын алуға;

11) № 36 ҚЕ қызметкерлерінің кәсіби, медициналық және іскерлік әдеп талаптарын сақтауына;

12) № 36 ҚЕ қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін өзге де бағыттарына.

7. ҚЫЗМЕТТІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

7.1. Қызмет құзыреті шегінде:

1) өкілеттіктерді орындау үшін қажетті ақпаратты, құжаттарды, мәліметтер мен материалдарды, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтындарын сұратады және алады;

2) № 36 ҚЕ-нің цифрлық жүйелері мен деректер базаларына қолжетімділік алады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және № 36 ҚЕ-нің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша тексеру іс-шараларын, қызметтік тексерулерді және қызметтік тергеп-тексерулерді жүргізуге қатысады;

4) қызметтік тергеп-тексеру жүргізілетін адамнан, сондай-ақ қызметтік тергеп-тексеру шеңберінде басқа да адамдардан жазбаша түсініктемелер алады;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша № 36 ҚЕ құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тыңдайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді;

7) өз құзыретіне жататын мәселелерді № 36 ҚЕ Байқау кеңесінің қарауына шығаруға бастамашылық жасайды;

8) № 36 ҚЕ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылу фактілерінің болуы немесе бұзылуының әлеуетті мүмкіндігі туралы хабарлауы не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізуі үшін хабардар ету арналарын құрады.

7.2. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап Қызмет мүдделер қақтығысын жеке мүдделер туралы декларацияларды талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алынған өзге де ақпаратты зерделеу арқылы анықтауды жүзеге асырады (Заңның № 311-VIII Заңмен 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 15-1 – 15-5-баптары).

7.3. Қызметтік тергеп-тексеру шеңберінде жазбаша түсініктемелерді талап ету Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 65-бабына сәйкес тәртіптік жаза қолдану кезінде міндетті болып табылатын қызметкерден жазбаша түсініктеме талап етуді алмастырмайды.

7.4. Қызмет қызметкерлерге тәртіптік жаза шараларын қолданбайды. Қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша Қызмет № 36 ҚЕ Директорына ұсынымдар енгізеді, ал тәртіптік жаза қолдану туралы шешімді Директор Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 64, 65 және 66-баптарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қабылдайды.

8. ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕГІ МІНДЕТТЕР МЕН ШЕКТЕУЛЕР

8.1. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қызмет:

1) егер № 36 ҚЕ және оның үлестес тұлғалары туралы ақпаратта, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпаратта дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, оның құпиялылығын сақтайды;

2) сыбайлас жемқорлықтың, этикалық құжаттарды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өзге де ішкі құжаттарды бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуының болуына немесе әлеуетті мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы № 36 ҚЕ Байқау кеңесін уақтылы хабардар етеді;

4) дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың белгілі болған жағдайлары туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға хабарлайды;

5) № 36 ҚЕ-нің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби әдепті сақтайды.

8.2. Қызмет қызметкерлері:

1) өздері алдыңғы үш жыл ішінде қатысқан процестерді тексеруге қатыспауға;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіруі мүмкін немесе осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін қызметке қатыспауға;

3) құпия ақпаратты жеке мүдделерде пайдаланбауға;

4) іскерлік әдеп нормаларын бұзбауға;

5) нәтижесінде Қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптығына нұқсан келтірілуі мүмкін немесе осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдамауға және көрсетілетін қызметтерді пайдаланбауға;

6) мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеп-тексерулерге және басқа да іс-шараларға қатыспауға тиіс.

8.3. Қызметке түскен құжаттар, өтініштер мен мәліметтер Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің, сондай-ақ коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы заңнаманың талаптары сақтала отырып қаралады.

8.4. Медицина қызметкерінің құпиясын құрайтын ақпаратты Қызмет өз өкілеттіктерін орындау үшін қажетті көлемде «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 273-бабын сақтай отырып өңдейді.

9. ҚЫЗМЕТТІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

9.1. Қызметтің қызметі № 36 ҚЕ Байқау кеңесі бекітетін жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

9.2. Жұмыс жоспары сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуын мониторингтеу, оқыту жүргізу, ұсынымдардың орындалуын мониторингтеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды, ал 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап мүдделер қақтығысын анықтау жөніндегі іс-шараларды да қамтиды.

9.3. Қызметтің ұсынымдары мен қорытындылары, оның ішінде әлеуетті немесе нақты мүдделер қақтығысының бар немесе жоқ екені туралы қорытындылар және оны реттеу жөніндегі ұсынымдар № 36 ҚЕ Директорына, тиісті шараларды қабылдау жөнінде өкілеттіктері бар адамға немесе тиісті мәселе құзыретіне жататын құрылымдық бөлімшелерге жіберіледі және

Қазақстан Республикасының заңнамасында және № 36 ҚЕ-нің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде міндетті түрде қаралуға жатады.

9.4. Ұсынымдар мен қорытындыларды қарау қорытындылары бойынша № 36 ҚЕ Директоры, тиісті шараларды қабылдау жөнінде өкілеттіктері бар адам немесе құрылымдық бөлімшелер Қызметті қабылданған шаралар туралы хабардар етеді не оларды орындаудың мүмкін еместігінің дәлелді негіздемесін ұсынады.

9.5. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап Қызмет әлеуетті немесе нақты мүдделер қақтығысының бар екені туралы жазбаша сұрау салуларды, хабарламаларды және өзге де түскен ақпаратты қарайды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мүдделер қақтығысының бар немесе жоқ екені туралы қорытынды шығарады.

9.6. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуетті немесе нақты мүдделер қақтығысы болған кезде Қызмет оны реттеу жөніндегі ұсынымдары бар қорытындыны тиісті шараларды қабылдау жөнінде өкілеттіктері бар адамға ұсынады және бір мезгілде мүдделер қақтығысы туындаған адамды, оның тікелей басшысын және (немесе) өзге де мүдделі адамдарды хабардар етеді.

9.7. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап Қызмет мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шаралардың орындалуын мониторингтеуді жүзеге асырады және осы мәселелерді регламенттейтін құқықтық актілердің ережелерін түсіндіреді.

9.8. Қызметтің № 36 ҚЕ құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы жұмыста өзара сыпайылық пен әдептілік негізінде құрылады.

9.9. № 36 ҚЕ құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері Қызметке оның міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты беру, анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді бірлесіп шешу арқылы жәрдем көрсетеді.

9.10. № 36 ҚЕ Қызметтің қажетті ақпарат пен құжаттарға, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтындарына, ақпараттық жүйелер мен деректер базаларына қолжетімділігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ оның өкілеттіктерін орындау үшін жеткілікті кадрлық, ұйымдастырушылық және техникалық ресурстарды ұсынады.

9.11. № 36 ҚЕ басшылығы Қызметтің қызметі үшін тиімді орта құруға ықпал етеді, оны әкімшілік және ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады және Қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне оқу және сертификаттау мүмкіндіктерін ұсынады.

9.12. Қызметтің қызметіне кедергі келтіруге, ақпаратқа қолжетімділікті негізсіз шектеуге, сондай-ақ оның басшысы мен қызметкерлеріне өкілеттіктерін орындау кезінде ықпал етуге жол берілмейді.

9.13. Қызметтің қызметіне кедергі келтірілген, ақпаратқа қолжетімділік негізсіз шектелген, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөнінде шаралар қабылданбаған не мүдделер қақтығысы болған жағдайда Қызмет № 36 ҚЕ

Байқау кеңесіне, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

10. ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ ЖАУАПТЫЛЫҚ

10.1. Қызмет № 36 ҚЕ-де қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы ақпаратты сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға тоқсан сайын жібереді. Аталған органның сұрау салуы бойынша қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы қосымша ақпарат жіберіледі.

10.2. Қызмет жылына кемінде бір рет № 36 ҚЕ Байқау кеңесіне анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің бұзылуы және оларды жою жөніндегі шаралар туралы мәліметтерді қамтитын қызмет туралы есеп ұсынады. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап есепке мүдделер қақтығысы жағдайлары және оны болғызбау және реттеу жөніндегі шаралар туралы мәліметтер де енгізіледі.

10.3. № 36 ҚЕ Директоры тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындаған кезде Қызмет Заңның 24-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.

10.4. № 36 ҚЕ Директоры өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстың жүргізілуін қамтамасыз етеді және бағынысты адамдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін заңдарда белгіленген жауаптылықта болады.

10.5. Қызметтің басшысы мен қызметкерлері өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады. Тәртіптік жазаларды № 36 ҚЕ Директоры Байқау кеңесінің өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 64, 65 және 66-баптарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қолданады.

10.6. Осы Ереже № 36 ҚЕ Байқау кеңесінің шешімімен бекітіледі және № 36 ҚЕ Директорының бұйрығымен қолданысқа енгізіледі. Өзгерістер мен толықтырулар осындай тәртіппен енгізіледі.

10.7. Осы Ереже қолданысқа енгізілген күннен бастап Байқау кеңесінің 2023 жылғы 21 тамыздағы шешімімен (№ 3 хаттама) бекітілген Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «№ 36 қалалық емхана» КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже қолданылмайды.

10.8. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Үлгілік ережеге сәйкес шешіледі.

10.9. Осы құжат Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісіммен және № 36 ҚЕ Ұжымдық шартымен салыстырғанда Қызметкердің жағдайын нашарлата алмайды. № 36 ҚЕ ішкі құжаттары арасында алшақтық болған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының және Ұжымдық шарттың нормалары, ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша – № 36 ҚЕ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қолданылады.

УТВЕРЖДЕНО
решением Наблюдательного совета
КГП на ПХВ «Городская поликлиника № 36»
УОЗ г. Алматы
протокол № 1 от «18» 09 2026 года

ПОЛОЖЕНИЕ
ОБ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ КОМПЛАЕНС-СЛУЖБЕ
КГП на ПХВ «Городская поликлиника № 36» УОЗ г. Алматы

г. Алматы, 2026 год

СОДЕРЖАНИЕ

1. Общие положения 3
2. Термины и определения 4
3. Создание Службы, ее независимость и подотчетность 5
4. Цели, задачи и принципы Службы 7
5. Функции Службы 7
6. Мониторинг соблюдения ограничений и требований 9
7. Полномочия Службы 11
8. Обязанности и ограничения при осуществлении деятельности 12
9. Порядок работы Службы 13
10. Отчетность и ответственность 14

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

